

Әділетті Қазақстан

Ірі кәсіпкерлер
Қазақстанда тапқан
табысын басқа жақта
емес, өз еліміздегі бизнесін
дамытуға жұмсағаны
абзал. Жұмысын осы
талапқа бейімдей алған ірі
кәсіпкерлер нағыз ұлттық
бизнес-элитаға айналады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


ПРЕЗИДЕНТ



ЕЛДІГІМІЗДІ ЕСЕЛЕЙТІН МЕРЕКЕ

2

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»



ҒАЖАЙЫП ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

7

ПІКІРЛЕР АЛАҢЫ



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДӘРІПТЕЙІК

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

22.04.2023

Түнде:



+2+4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

23.04.2023

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, күндіз екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №51 (6344) 22 сәуір, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Ерболат ДОСАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

ЖАҢА БАС ЖОСПАР

Алматының одан әрі дамуы үшін өте маңызды құжат



Жиынға қатысқан шаһар басшысы Ерболат Досаев ең алдымен қала мәслихатына сайланған депутаттарды құттықтап, олардың жұмысына сәттілік тіледі. «Сіз бен біздің басты мақсатымыз – әрбір алматылықтың әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету үшін қаламызды үйлесімді дамыту», – деді әкім сөз басында.

3

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

АЛМАТЫ ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОНЫ

биыл алтыншы рет өтеді



Шаһарда 23 сәуірде Алматы жартылай марафоны өтеді. Марафоншылар таңғы сағат 7.30-да Тұңғыш Президент саябағынан шығып, мәре сызығын Орталық стадионда сағат 12.00-де кеседі.

10

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы жаңа заңдарға қол қойды.
- Сенатта Бюджет кодексі жетілдіру тетіктері талқыланды.
- Қазақстан–Түркіменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісім мақұлданды.
- Елімізде жеңіл өнеркәсіп өндірісінің 3 айдағы көлемі 37,8%-ға ұлғайды.
- Мемлекеттік күзет қызметі кәсіби мерекесін атап өтті.
- Қазақстан мен Қытай арасындағы тұрақты жолаушылар рейстері қалпына келтіріледі.
- Астанада Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі өтіп жатыр.
- Биылғы қаңтар-ақпан айларында отандық электрондық өнеркәсіп 7,2 млрд теңгеге тауар өндірді.
- Марафонға орай Алматыда 23 сәуірде кейбір қоғамдық көліктердің жүру бағыты уақытша өзгереді.
- Бүгін Алматыда жалпықалалық сенбілік өтеді: 5 мыңдай ағаш отырғызу көзделген.
- Алматыдағы газбен жұмыс істейтін ЖЭО-2-нің құрылысы биыл тамыз айында басталады.
- «Халық кеңесі» тобының мүшелері екі айға қамауға алынды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

■ СЕНАТ

«Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы орны» тақырыбымен өткен «Дөңгелек үстелде» БАҚ пен әлеуметтік желілердің мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы ролі талқыланды.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп өз сөзінде еліміздегі ақпараттық идеологияны күшейту жөніндегі жаңа ұсыныстарды қараудың маңыздылығын атап өтті.

«Өздеріңізге белгілі аласапыран, геосаяси шиеленіскен қазіргі уақытта идеологиялық шебімізді нығайту маңызды болып отыр. Әсіресе, шекаралық өңірлердегі азаматтарымыз сыртқы ақпараттық кеңістіктің ықпалына түсіп қалып жатқан жағдайлар да аз емес. Мән беруді талап ететін бірқатар мәселелер бар», – деп атап өтті Нұртөре Жүсіп.

Ал Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі жақында қабылданған Ақпараттық доктринадағы жаңалықтар мен еліміздің ақпараттық идеологиясын дамыту саласында атқарылған жұмыстар туралы әңгімеледі. «Дөңгелек үстел» отырысының қорытындысы бойынша Үкіметке жіберілетін ұсынымдар әзірленеді.

■ МӘЖІЛІС

Депутаттар ТМД елдерінің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтас-тығы туралы, ЕАЭО аумағындағы кедендік баждарды және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндетті орындауды қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімдерді ратификациялады.

Құжатты депутаттарға Әділет министрі Азамат Есқараев таныстырды. Ол келісім ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумағында цифрлық ортада авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануды реттейтінін түсіндірді. Келісім ТМД елдерінің аумағында ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық және сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтардың бұзылуына қарсы шараларды жүзеге асыруды көздейді, авторлық құқық иелерін зияткерлік меншік объектілеріне қатысты заңсыз әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етеді.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте тау-кен металлургия кешені мен газ саласын дамыту мәселелері қаралды.

Кенеске қатысушылар перспективалы газ және газ конденсаты кен орындарын игеру, өнеркәсіптік кәсіпорындарды отынмен қамтамасыз ету шаралары, шикізатты тасымалдау үшін теміржол инфрақұрылымын дамыту және басқа да бірқатар өзекті мәселелерді қарады. Кеңесте қыс мезгілінде халықты көмірмен қамтамасыз ету мәселесі жан-жақты талқыланды. Премьер-Министр отынды сатудың ашық нарықтық механизмін әзірлеу қажеттігін айтты. Бұл тәсіл сауда-сат-тықты реттеуге, көмірдің тұтынушылар арасында біркелкі бөлінуін қамтамасыз етуге және сұраныс артқан кезеңде бағаның негізсіз көтерілуіне жол бермейді.

■ МИНИСТРЛІК

Жыл басынан бері мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге республикалық бюджеттен 121,4 млрд теңге жұмсалды.

Бұған қосымша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу бойынша шамамен 14,9 млрд теңге сомасына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады. 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мүгедектігі бойынша МӘЖ алушылар саны шамамен 533,4 мың адамды, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша – шамамен 194,6 мың адамды құрайды. Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты 8,5% - ға өсті. Биылғы 1 қаңтардан бастап жалпы аурудан мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшері 1-топ үшін 77 889 теңгені, 2-топ үшін – 62 068 теңгені, 3-топ үшін – 42 190 теңгені құрайды.

Бұдан басқа, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері 33 279 теңгені, асыраушысынан айырылу бойынша – 34 367 теңгені құрайды.

■ КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА

ҚР Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы баяндады, деп хабарлады Primeminister.kz.

«Осы шараларды жүзеге асыру кедендік тексерулердің тиімділігін арттыруға, камералық бақылауды жақсартуға, кедендік рәсімдерді онтайландыруға және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қосымша шаралар әзірлеуге мүмкіндік берді. Жалпы, жүзеге асырылып жатқан шаралар соңғы 3 жылда ішкі жалпы өнімдегі көлеңкелі экономиканың үлесін 27%-дан 19,75%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік беріп, бюджетке 2 трлн теңге қосымша кіріс түсті», – деп атап өтті Ерұлан Жамаубаев.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛДІГІМІЗДІ
ЕСЕЛЕЙТІН МЕРЕКЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ Елін Ораза айт мерекесімен құттықтады.

«Баршаңызды Ораза айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – күллі мұсылман қауымының ұлық мейрамы. Ораза ұстаған жамағат осы мерекені асыға күтеді. Алыс-жақын аға-

йын бір-бірінің үйіне барып, жылы лебізін білдіреді. Халқымыздың ынтымағы нығайып, бірлігі беки түседі. Ислам – имандылықты, бейбітшілікті, мейірімділікті дәріптейтін асыл дін. Осы игі құндылықтар елдің амандығы мен берекесін тілейтін ұлтымыздың салт-дәстүрімен біте қайнасып жатыр. Сондықтан бұл – бір шаңырақта тату-тәтті өмір сүріп жатқан барша жұртымыз үшін қадірлі ұғымдар. Ораза

айт – елдігімізді еселейтін мереке. Біз мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін қоғамдағы бірлік пен келісімді одан әрі нығайта береміз. Еліміздің әр шаңырағы бақыт пен қуанышқа бөленсін! Халқымыздың ырысы мен ынтымағы арта берсін! Айт қабыл болсын, ағайын!», – делінген Президенттің құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).

● РАМАЗАН – 2023

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ
барша адамзаттың жүрегіне қуаныш
сыйлауға үндейді

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы жамағатты күллі мұсылман баласының ұлық мерекесі – Ораза айтпен құттықтады.

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі қауым! Сіздерді күллі мұсылман баласының ұлық мерекесі – Ораза айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын, ардақты ағайын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала бәріміздің мерейімізді үстем етсін!

Ораза айт – сый мен сияпатқа, құрмет пен нығметке, шексіз сауапқа бөленетін сәт. Бұл туралы ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ораза айт күні періштелер жер бетіне түседі де әр жолдың басында тұрып: «Уа, мұсылман қауымы, Раббыларыңа асығыңдар! Сендер түнді намазбен, күндізді оразамен өткізуге бұйырылғанда амал етіп, Раббыларыңа бойсұнғандарың үшін Алла сендерді үлкен сауап пен толассыз нығметке бө-



лейді. Сол үшін өздеріне тарту етілген сыйлықтарыңды алыңдар» деп дауыстайды. Ал ораза айт намазын оқып болғаннан кейін бір періште адамдарға былай дейді: «Шүбәсіз жаратқан Раббыларың күнәларыңды кешті. Үйлеріңе Алланың жолынан адаспаған күйде оралыңдар! Расында бұл күн жер мен аспан әлемінде сый-сияпатқа кенелу күні деп аталады» деген.

«Айт» сөзі – «мерекелеу», «хал сұрасу», «бір-бірін қуанту», «қуанышқа топталу» деген мағыналарды білдіреді. Исламдағы ұлық мейрамдар мұсылман қауымының, барша адамзаттың жүрегіне қуаныш сыйлауға үндейді. Айт күні отбасын, ағайын-туысты, көмекке мұқтаж адамдарды, қарттар мен қараусыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды қуандырудың сауабы мол. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқандай, парыз амалынан

кейінгі ең абзал амал – мұсылманның жүрегіне қуаныш ұялату. Адам баласы өзгені қуандыру арқылы өзі де қуанышқа бөленеді.

Алла Тағала: «Мен парыз еткен оразаны пенделерім өтеп, ақысын алуға (айт намазын өтеуге) мешітке бет алды. Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді. Жаратушы Жаббар Иеміз баршамызды екі дүние қуанышы мен нығметіне бөлегей.

Ораза айт мерекесі құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ пен береке, бірлік пен татулық тілеймін. Алла Тағала сіз бен бізді келесі Рамазанға дейін аман-есен жеткізіп, мол сауапқа кенелуді нәсіп етпей. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин! – делінген Бас мұфтидің құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: muftyat.kz).



МӘСЛИХАТ

Ерболат ДОСАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

ЖАҢА БАС ЖОСПАР

(Басы 1-бетте)

Қала басшысы атап өткендей, 18 жылда алғаш рет ашық және бәсекелі сайлау өтті. Сайлаудың қорытындысында Алматы қаласы мәслихатының жартысы немесе 21 депутат бір мандатты округтер бойынша сайланды. Жалпы, мәслихаттың депутаттық корпусы 67%-ға жаңарды.

«Алматының алдында тұрған заманауи сын-қатерлер мен ауқымды міндеттерді назарға ала отырып, өткен жылдың қыркүйек айында мәслихат 7 басым бағыттан тұратын «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» қолдап, бекітті», – деді Е.Досаев.

МЕГАПОЛИС БЮДЖЕТИ

Бекітілген Даму бағдарламасын және Мемлекет басшысының 2022 жылдың қарашасында өткен Алматы қаласын дамыту жөніндегі кенесте берген тапсырмаларын ойдағыдай орындау үшін депутаттардың қарауына екі маңызды мәселе шығарылды. Олар:

- Алматы қаласының 2023 жылға арналған бюджетін нақтылау;
- Алып мегаполистің 2040 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасы.

2023–2025 жылдарға арналған қала бюджеті Алматы қаласын дамыту бағдарламасының негізгі ба-сымдықтары негізінде қалыптас-тырылды. Осы жылдың I тоқсанында экономиканың қар-қынды дамуы бюджетті нақтылауға негіз болды.

– *Сіздерге бюджетті нақтылауға ұсынылған 265,4 млрд теңге осы жылдың I тоқсанындағы қосымша кірісті қалыптастыру, бюджет қаражатын іштей қайта бөлу және өткен жылдың бос қалдықтары есебінен жүргізілуде.*



Алматының одан әрі дамуы үшін өте маңызды құжат

● КЕРЕК ДЕРЕК

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 23,9%-ке өсті. Сауда (+29,4%), өңдеу өнеркәсібі (+24,5%), көлік (+21,8%) салалары экономика өсімінің драйверлері болды. Экономиканың дами түсуі мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді 32,1%-ға арттырды (барлығы 1241,1 млрд теңге салық және міндетті төлемдер (132,1%), оның ішінде республикалық бюджет – 941,8 млрд теңге (139,3%), жергілікті бюджет – 299,3 млрд теңге (133,5%).

және ағымдағы нақтылауды ескере отырып, 8 аудандық әкімдіктің 2023 жылға арналған бюджеттері 60,4-тен 164,5 млрд теңгеге дейін 2,7 есе көбейеді. Бұдан басқа аудан әкімдіктерінің штат саны 152 бірлікке ұлғайды, оның ішінде жа-насы – 56, ал 96-сы қалалық бас-кармалардан берілді.

Шаһар басшысы осы шаралар-дың арқасында аудан әкімдіктерін-де жаңа мүмкіндіктер мен қосым-ша қаржы ресурстары пайда болатынын, шешімдер қабылдау жылдамдығы мен сапасы жақсара-тынын әрі аудан әкімдерінің халық алдындағы жауапкершілігі артаты-нын тілге тиек етті.

ПОЛИОРТАЛЫҚТЫҚ ДАМУ МОДЕЛІ

Үлкен жиында депутаттар-дың қарауына Алматының одан әрі дамуы үшін өте маңызды ба-залық құжат – қаланың 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспары ұсынылды.

Бас жоспардың жаңа жобасы қаңтар айында алғаш рет үлкен қоғамдық талқылаудан өткен бола-тын. Талқылау барысында қала тұрғындарынан, қоғамдық ұйым-дар мен сарапшылар қауымдасты-ғынан 1300-ден астам пікір алын-ды, олар негізінен жайлы қалалық ортаны қалыптастыру, экологияны жақсарту және қауіпсіздікті қамта-масыз ету мәселелеріне қатысты болды. Сонымен қоса, мәслихат комиссияларының отырыстарында осы жобадан ескерілген 20-ға жуық ұсыныс алынды.

«Өздеріңізге мәлім, қаланың Бас жоспары 20 жыл бұрын әзір-ленген және моноорталықтық даму моделіне негізделген, яғни жұмыс орындары мен әлеуметтік-мәдени қызметтер қаланың тари-хи орталығына тығыз шоғырлан-ған. Содан бері қала аумағы жағынан да, халық саны бойынша да 2 есе ұлғайды», – деді Ерболат Досаев.

Жаңа Бас жоспарда тұрғын үй, әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылымы дамыған 5 жаңа полиорталық құрылатын полиорта-лықтық даму моделіне көшу көзде-леді. Бұл осы полиорталықтардың тұрғындары үшін барлық қажетті игіліктердің жақын орналасуына мүмкіндік береді. Алматы қаласы-ның әкімі Е.Досаев жаңа Бас жо-с-пар жайлы қалалық орта құру және қаламыздың барлық аудандарында өмір сүру сапасын жақсарту үшін берік негіз қалайтынына сенім білдіріп, қаланың көркеюі үшін баршасына нәтижелі еңбек етуге шақырды.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

● МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

ЖАРАСЫМДЫ ТҰРМЫС

көпқабатты үйлердің тұрғындары бюджет қаражаты есебінен қайтарымды негізде күрделі жөндеу жүргізе алады

Қалада ТҮКШ жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда, оның шеңберінде тұрғындар 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімде қайтарымды негізде үйде күрделі жөндеуді жүзеге асыра алады. Бағдарлама операторы – «Алматы тұрғын үй» ЖШС.

Осы бағдарламаны іске асыру барысында 2011-2022 жылдар ара-лығында 965 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізіліп, 907 үйде 1935 лифт ауыстырылды. 2023 жылы 100 КІПТУ-де жөндеу жоспарланған. Жөндеу жұмыста-рының түрлері – шатырды, инж-нерлік және электр желілерін ауыс-тыру, кіреберіс пен қасбетті жөндеу.

Өтепов көшесіндегі №21 тұр-ғын үй тұрғындары 2022 жылғы 14 маусымда күрделі жөндеу жүргізу-ге өтінім берді, қазіргі уақытта барлық жұмыстар аяқталды және тұрғындармен қабылданды. Исаев көшесі бойындағы 10 қабатты №15 КІПТУ-де жұмыстар жүргізілуде, мердігерлік ұйым қасбетті жөндеу-мен айналысуда.

Қаланың тұрғын үй қорында 6285-тен астам лифт пайдаланылу-да, оның 386-сы 25 жылдан астам

уақыт бойы пайдаланылып келеді.

Өткен жылы жергілікті бюд-жеттен қайтарымды негізде бөлін-ген қаражат есебінен 170 үйде 358 бірлік лифт жабдығы ауыстырыл-ды. Жұмыстар жедел жүргізілуде. Мысалы, Шашкин көшесіндегі №9А тұрғын үйде жаңа лифт орна-ту аяқталды, қаражатты кезең-ке-зеңімен қайтару жүргізілуде.

2023 жылы 86 КІПТУ-де 155 бірлік лифт жабдығын ауыстыру жоспарланған. Жаңғыртудың осындай қарқынымен нормативтік мерзімде 25 жыл жұмыс істеген лифтілер саны 2024 жылға қарай айтарлықтай азаятынын атап өту маңызды.

Бағдарламаға қатысу үшін тұр-ғындар жиналыста тұрғын үйді жөндеу туралы шешім қабылдайды және тұрғындар арасынан жауапты тұлғаларды таңдауды жүзеге асыра-

ды. Осыдан кейін басқару органы (МИБ/ПИК) хаттама мен қатысуға өтінімді Бағдарлама операторына Ғабдуллин көшесі, 90 «А» мекенжа-йы бойынша ұсынады.

Осы құжаттардың негізінде оператор жобалау-сметалық құжат-таманы әзірлеуге және үйді күрделі жөндеуге ақшалай қаражат бөлуге бюджеттік өтінім береді.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматылықтар толығырақ кеңес алу үшін Бағдарлама операторына +7 (727) 390-22-09 нөмірі арқылы хабарласуына болады. Сондай-ақ, қосымша ақпаратты «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы» КММ мекемесінен (Достық даңғылы, 85-үй, 504-бөлме, телефон: +7 (727) 225- 14-31) алуға болады.

● МИБ

Тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес, елімізде ПИК-тердің орнына мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) немесе қарапайым серіктестіктер (ҚС) құрылып жатқаны белгілі.

ПИК ЖҰМЫСЫ ТОҚТАЙДЫ

алматылықтар 1 шілдеге дейін кондоминиумды басқарудың жаңа нысанын таңдауы керек

Биыл 1 шілдеден бастап ПИК пен ПИТК заң бойынша өз қыз-метін тоқтатуға тиіс. Оның орнына меншік иелері басқарудың жаңа нысанын таңдауы керек. Мұндай нысандар: мүлік иелерінің бір-лестігі (МИБ) немесе көппәтерлі тұрғын үйдің жай серіктестігі (ЖС) болуы мүмкін.

Жаңа нысанның бұрынғы ПИК пен ПИТК құрылымдарынан басты айырмашылығы: «бір үй – бір бір-лестік – бір есепшот» схемасы бо-лып табылады. Бұл – әрбір үйді басқарудың жеке тәсілін көздейтін, сондай-ақ тұрғындарға ақша түсім-дері мен олардың жұмсалуды бақы-лау мүмкіндігімен тек өз үйін күтіп-ұстауға қаражат жинауға мүмкіндік беретін қағида. Шын мәнінде, әр

үйде төраға және тексеру комиссия-сы сайланады. Түбегейлі айыр-машылық – МИБ төрағасы дәл осы үйдің тұрғыны болуы керек.

Қазіргі уақытта Алматыда 8879 көппәтерлі тұрғын үй бар, оның 7129-ы басқарудың жаңа нысанда-рына өтпек.

МИБ құру алгоритмі қарапа-йым және үш негізгі қадамнан тұ-рады: біріншісі –қворумы кемінде 50% болатын тұрғындардың жина-лысын ұйымдастыру; екіншісі – тө-рағаны, үй кеңесін және тексеру комиссиясын сайлау (жиналыс хаттамасын жүргізу және қол қою қажет); үшіншісі – құжаттарды ХҚКО-ға тапсыру. МИБ-ті мемле-кеттік тіркеу 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

Алдымен ауданда атқарылған жұмыстарға және алдағы уақытта қолға алынатын маңызды мәселелерге тоқталды. Одан соң сұрақ-жауап сессиясына кезек берілді. Қала әкімінің халықпен кездесуінің басты мақсаты да – «Еститін мемлекет» қағидаты бойынша тұрғындармен ашық диалог құрып, алматылықтарды толғандырып жүрген өзекті мәселелерін тыңдауды, оларды шешу жолдарын қарастырып, қаланы бірігіп көркейтуді көздейді.

Қызмет сапасы жақсарады

Қала әкімі халықпен кездесу барысында Бостандық ауданында 25 шақырым инженерлік желі жаңартылатынын айтты.

Алты шақырымнан астам су құбыры желісі мен 0,9 шақырым жылу трассасы реконструкцияланады, 16,5 шақырым жоғары вольтты электр кабель желісі мен 1,5 шақырым жерасты газ құбыры жөнделеді. Яғни аудан тұрғындарына коммуналдық қызмет көрсету сапасы жақсарады.

Осы жылдың маусым айынан бастап 2024 жылдың сәуіріне дейін ауданға қосылған аумақтардағы 47,2 шақырым электр желісі жаңартылады. Бұл 150 мыңға жуық тұрғынды сапалы сумен және жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әкім осы сала бойынша тұрғындардың ашуын тудырған қызмет көрсетуші мекемеге қатысты әкімдік жүргізген жұмысты атап өтті. «Электрмен жабдықтау, сумен қамту және су бұру қызметтерін сапасыз көрсетуге қатысты айтар болсам, «Ерменсай» ықшамауданының тұрғындарына «Городское предприятие водоснабжения» ЖШС-нің (бұрынғы «Орхан» ЖШС) ұзындығы 4,2 шақырым болатын электр желісін қаланың балансына өтеусіз беру туралы шешім қабылданды. Ал компанияға 120 млн теңге айыппұл салынды», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Қосалқы станция іске қосылады

Алматы қаласының әкімі алдағы маусым айында «Алмагүл» электр қосалқы станциясы іске қосылатынын жеткізді.

Нәтижесінде Бостандық ауданының 200 мың тұрғыны электр жарығымен үздіксіз



қамтамасыз етіледі. «Қаланың оңтүстік бөлігін энергиямен қамтамасыз ету сапасын жақсарту үшін «Алмагүл» ықшамауданында электр қосалқы станциясы салынып, ұзындығы 4,8 шақырым болатын жаңа кабель желісі төселді. Бүгінгі таңда подстанцияға электр қуатын беру жұмыстары аяқталып келеді. Қосалқы станцияны маусым айында іске қосу жоспарланған», – деді әкім.

Өткен жылдың соңында қаланың жарығы жоқ көшелерінде, оның ішінде Бостандық ауданының 61 көшесінде жарық орнату жұмыстары (751 тірек және 18 шақырым желі орната отырып) басталған болатын. «Қазіргі уақытта Бостандық ауданы бойынша бұл жұмыстар аяқталды. Бұдан басқа, ауданның жарықсыз 42 көшесін жарықтандыру үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланған. Жұмыстарды 2024 жылдың соңына дейін аяқтауды көздеп отырмыз. 2025 жылға қарай ауданда көше жарығымен қамту деңгейі 100% құрайтын болады», – деді шаһар басшысы.

Су басу қаупіне жол бермеу үшін осы жылдың соңына дейін 89 көшеде ұзындығы 55,2 шақырым арық желісін жаңғырту жұмыстары аяқталмақ.

Бюджет қоржыны толды

Бостандық ауданына «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыру үшін қосымша 875 млн теңге бөлінді.

Оның аясында әрбір тұрғын өтініш беріп, қаланы абаттандыру бойынша идеясы мен ұсынысын жүзеге асыра алады.

«Бүгінде тұрғындардың өтінімдерін қабылдау аяқталды. Барлығы 100 жобалық ұсыныс берілді. Жобаларды іріктеу рәсімі 1 мамырға дейін аяқталады», – деді қала басшысы.

Қала әкімі Ерболат Досаев осы бағдарламаның тиімділігі мен тұрғындардың оң пікірлерін ескере отырып қосымша қаржыландыру туралы шешім қабылдаған. Қаланың барлық 8 ауданы да қосымша 7 млрд теңге алды.

Саябақ мемлекетке қайтарылды

Бүгінгі күні «Оңтүстік» саябағы мемлекет меншігіне қайтарылған. Алматы қала-

сының мәслихаты сол паркті абаттандыру және көгалдандыру үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қаражат бөлу туралы ұсынысты қарастыруда.

Жобаны жүзеге асыру 2024 жылға жоспарланып отыр. Тұрғындардың көптеген өтініштері бойынша жер қатынастары басқармасы сквер салу үшін Қазыбек Таясарұлы көшесіндегі ауданы 0,4 га жер учаскесін қала балансына қайтару бойынша жұмыстар жүргізуде.

Осы жылдың қазан айына дейін ауданның барлық жерасты және жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерін (12 жерасты, 7 жерүсті) жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Пандустар орнатылады

Мегаполис мэрі жол инфрақұрылымының сапасын жақсарту мақсатында биыл ауданда жалпы ұзындығы 28 шақырым болатын 24 көшені орташа жөндеу жоспарланғанын да атап өтті.

Жұмыстар мамыр айында басталып, қарашада аяқталмақ. «Жыл басынан бері ауданы 1,7 мың шаршы метр 20 көшеде шұңқыр-

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданында атқарылған жұмыстар жайлы және алдағы уақытта істелетін жобажоспарлар туралы баяндамасынан кейін аудан тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Алғашқы сұрақ қойған тұрғындардың бірі ескі үйлердің орнына жаңа тұрғын үй кешендерін салу мәселесін көтерді.

– Мен Жандосов-Розыбакиев-Солодовников-Радостовец көшелері тұрғындарының атынан келіп тұрмын. Ол жерде 1950 жылдардың басында салынған екі қабатты үйлер орналасқан. 2019 жылы бізге әлеуметтік нысандары бар жаңадан құрылыс басталады деген еді. Меніңше, ол жеке және мемлекеттік серіктестік бағдарламасы арқылы салынатын болса керек. Қазір бірнеше құрылыс компаниялары тұрғын үй кешендерін салуды бастаймыз деп жатыр. Өткен жылдан бері аудан әкіміне барып, осы мәселені шешуге байланысты жиналыстар да өтті. Бірақ бүгінге дейін соның хаттамасын сұрап, ала алмадық, – деді тұрғын.

Қала әкімі реновация бағдарламасы аясында аталған үйлердің сұрағы қарастырылатынын айтты.

– Сіз айтқан квартал бойынша қазіргі уақытта біз инвесторлармен жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Қаламыздың дамуы үшін алдымыздағы бес жылға арналған жаңа бағдарлама әзірленуде, ол – реновация, яғни ескі үйлерді бұзып, жаңасын салу. Осы сұрақты аудан әкімі де көтерген болатын. Сол бағдарлама дайын болған соң, алдағы уақытта қабылдаймыз. Одан кейін «қай жерден бастаймыз, қай жерде инвесторлар дайын» деген сұрақтарға байланысты арнайы тізім болады. Сіз айтқан кварталға байланысты маған 1-2 құрылыс компаниялары келді. Бірақ олар экономикалық бағдарын реттеп жатыр. Бостандық ауданында реновациядан өтетін 300-ден астам үйлердің ішінде сіздің кварталды да қараймыз. Біз жергілікті бюджеттен жартылай көмек көрсетуге дайынбыз, бірақ бізге енді серіктес керек. Мәселе былай, сіз дайынсыз. Ал басқалары ше? Бір адам кетпеймін десе, сол жерде тұрып қаламыз. Сондықтан сіздер де дайын болы-

ңыздар. Бәрі дұрыс болса, маусым айының соңына дейін шешім қабылдап, бағдарламаны бекіткеннен кейін хабарлаймыз, – деді шаһар басшысы.

Келесі кезекте сұрақ қойған тұрғын автотұрақ мәселесіне шағымданды.

– Қайырлы күн, Ерболат Асқарбекұлы! Мен «Қазақфильм» тұрғындарының атынан келіп отырмын. Сіз біздегі автотұрақ мәселесі туралы естіген шығарсыз. Бізді автотұрағымыздан қуып, 200 көлік көшеге шығып қалды. Құрылыс салушы компанияның рұқсаты болмаса да, сол жерді бұзғандықтан байланысты жұмыстарды бастап жатыр. Біз бұған наразылық білдіреміз, өйткені бізде көлігімізді қоятын басқа жер жоқ. Автотұрақ 40 жылдан астам уақыт бойы осы жерде болды. Біз осы жерді құрылыс иесінен бізге қайтарып беруді, және автотұрақты өз орнына қайтадан орналастыруды сұраймыз, – деді аудан тұрғыны.

Шаһар басшысы қала көлемінде көпқабатты автотұрақтар салынып жатқанын хабарлады.

– Құрылыс басталған кезде мен тиісті шараларды қабылдадым, бірақ жекеменшік құқығынан айыра алмаймын. Біз жаңа құрылысқа рұқсат бермедік. Ал автотұрақтың

ТҰРҒЫНДАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

орнына не пайда болады деген сұрағыңыз бойынша сіздің ұсыныстарыңызды қарастырайық, бірақ қазір қалада нарық құны бойынша кезекті жер учаскесін сатып алуға мүмкіндік жоқ. Мәселе мынада – жерді сатып алу туралы мәміле жасалған, құжаттарды тексердік.

Енді мен сізге не істейтінімізді айтайын. Біріншіден, өткен жылы біз «Алматы паркінгі» қайтардық. Бұрын жеке компанияларға жалға берілген автотұрақтар қазір қаланың коммуналдық меншігіне қайтарылды. Екіншіден, біз аулаишілік мобильді паркінгтер деп аталатын жобаларды



ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



ларды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы бағыттағы жұмыстар жалғаса береді. Жоғарыда айтылғандай, орталықсыздандыру аясында биылдан бастап жолдарды ағымдағы жөндеуді аудан әкімдіктері жүргізетін болады. Бостандық ауданы бойынша 250 млн теңгеге жалпы ауданы 16,5 мың шаршы метр жолды жөндеу жоспарланған», – деді қала әкімі.

Сондай-ақ, әл-Фараби даңғылындағы «Есентай» өзені арқылы өтетін көпір қайта жаңартылып, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін 2 көпір мен пандустар орнатылады. Ол жұмыстарды маусым айында бастау көзделіп отыр.

Екі емхана салынады

Бостандық ауданында әрқайсысы 500 орынды екі жаңа емхана салынбақ. Олардың бірі әл-Фараби даңғылы мен Сырғабек көшесінің қиылысында, екіншісі Гагарин даңғылы мен Левитан көшесінің қиылысында бой көтермек.

Екеуінің де жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр, мемлекеттік сараптама-сын жыл соңына дейін алу жоспарланған.

Сонымен қатар, аудандағы №4 және №12 емханалар күрделі жөндеуден өтеді. Бұған қоса, 500 орынды қалалық орталық клиникалық аурухананың жаңа ғимараты салынады. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылдың II тоқсанында басталады.

12 балабақша ашылады

Мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін аудан бойынша 9200 орынды 6 жаңа мектеп және 980 орынды 4 балабақша, сондай-ақ 400 орынды 8 жекеменшік балабақша салу жоспарланған.

Оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында: Егізбаев көшесінен – 2500 орынды, Розыбакиев–Левитан көшелерінің қиылысынан – 1500 және Розыбакиев–Қожабеков көшелерінің қиылысынан 2000 орынды білім ошақтары бой көтереді.

Құрылыс жұмыстары осы жылдың қыркүйек айында басталмақ. Әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде «РАМС Қазақстан» құрылыс компаниясы «РАМС Сити» МЖК аумағында осы жылдың соңына дейін 1100

орынды мектеп және 2 балабақша салатын болады.

«Акварель» ТК-де 300 орынды №189 балабақша пайдалануға берілді. Бүгінгі таңда жарактандыру жұмыстары жүргізілуде. Балабақша биылғы маусымда ашылады.

Бейнебақылау – қауіпсіздік үшін

Алматыда бейнемониторинг жүйесінің 6000 қосымша камерасы орнатылады.

Камералар адам көп жиналатын жерлерге қойылмақ. Оның ішінде Бостандық ауданына 750 камера орнату жоспарланып отыр. Бұл туралы әкім Ерболат Досаев халықпен кездесуінде айтты. Қазіргі күні бейнемониторинг жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында жаңа мекенжайлар тізбесі жасалған. «Көліктердің жолдағы қозғалысын тәртіпке келтіру үшін қазіргі күні ауданда 784 бейнекамерасы бар 102 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені жұмыс істейді. Сонымен қатар, биыл I тоқсанда 541 камерасы бар 96 «Сергек» орнатылды. Осылайша ауданда «Сергек» кешендерінің саны 198-ге (1325 бейнекамера) жетті», – деді Ерболат Досаев.

НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

жерде біз осындай автотұрақтарды саламыз. «Қазақфильм» және басқа да проблемалық аудандар бойынша біз тұрақ мәселелерін шешетін боламыз. Қазір аудан әкімімен бұл жұмыс басталды. 2-3 айдан кейін не істеуге болатынын көреміз, – деді Е.Досаев.

Кездесуде тағы бір аудан тұрғыны «Жайлы мектеп» бағдарламасы жөнінде сұрақ қойды.

– «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша мектептер құрылысының барысы мен мерзімін кім қадағалайды? Қыркүйек айында құрылыс басталады деп естідім, – деді ол.

– Иә, қыркүйек айында басталады. Өйткені, біз қазір типтік жобаларды дайындап жатырмыз және жерді сатып алу бойынша жұмыстарымыз аяқталуға жақын. Құрылыс екі жолмен жүреді. Samruk-Kazyna Construction бірыңғай операторы арқылы ел бойынша мектептерді типтеу қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік формада басқа, өздері жер ұсынған жеке компаниялар да бар. Олар өз жерлерінде мектептер салады, содан кейін тиісті түрде қалаға береді. Құрылысқа жоспарланған 22 мектептің 15-і Samruk-Kazyna Construction-ға, ал қалған 7-сі жеке инвесторларға тиесілі, – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Бостандық ауданының келесі тұрғыны көшелерді жарықтандыру мәселесін ортаға салды.

– Неліктен Гагарин көшесінде орналасқан аллеядағы жарық түнгі уақытта өшіп қалады? Бұл электр энергиясын үнемдеудің бір түрі ме? – деді тұрғын. Бұл сұраққа алдымен Бостандық ауданының әкімі Алтай Рақымбетов жауап берді.

– Біз бұл мәселе туралы білеміз, зерттеу жүргіздік. Барлық мәселе сыртқы жарықтандыруды басқару шкафтары (СЖБШ) аталатын құрылғыларға байланысты. Осыған байланысты Ерболат Асқарбекұлы бізге тапсырма берді – біз барлығын толығымен тексеріп, өтінім жібердік. Жақын арада СЖБШ-ны қайта құру бюджетін нақтылайтын боламыз, – деді А.Рақымбетов.

Бұл күрделі сауалға орай мегаполис басшысы да пікір білдірді: «Қалада СЖБШ – бағаналар мен шамдардың инфрақұрылымы өзгереді. Өкінішке орай, бұрын СЖБШ-ны ауыстыру қарастырылмаған. Биыл Алматыдағы барлық осындай құрылғыларды ауыстыру жоспар-

ланды. Алғашқы 800-ін «Алматықалажарық» және Энергетика басқармасы орналастырып жатыр.

Жарығы бар қала – жайлылық, қауіпсіздік және жақсы көңіл күй сыйлайды. Өткен жылы біз «Алматықалажарық» мекемесін мемлекет меншігіне қайтардық. Содан бері біз жарықтандыру мәселелері бойынша қажеттінің бәрін жасап жатырмыз. 2025 жылға дейін Бостандық ауданында бірде-бір жарықтандырылмаған көше қалмайды».

Кездесуге келген келесі тұрғын қала әкіміне алматылық құқық қорғау органдарының қызметіне байланысты сұрақ қойып, «мен сізге қаланың басшысы ретінде келіп отырмын, сіз осы алып шаһардың қожайыншысыз» ғой деді. Бұл кездесудің соңғы сауалына орай құзыретті сала басшылығына нақты тапсырма беріп, жиын соңында аудан тұрғындарына ілтипатын білдірген Ерболат Асқарбекұлы: «Алматының қожайыны емес, оның қызметшісі» екенін айтып, тұрғындармен қоштасты.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен екі жарым сағатқа созылған кездесу барысында аудан тұрғындары мектептегі оқушы орындарының тапшылығы, ескі үйлерді бұзу және электр желілерін жаңғырту, қалалық ортаны абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Кездесу барысында шаһар басшысы тұрғындардың әрбір өтініш-ұсыныстарын тыңдап, тұрғындар талаптары бойынша нақты тапсырмалар берді. Жиында алматылықтарды толғандырған барлық мәселелерге орай оң шешімдер қабылданды.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА, Досбол АТАЖАН.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Ауданда биыл
25 шақырым инженерлік желі жаңартылады



Биыл **200** мың тұрғынды электр жарығымен қамтамасыз ететін «Алмагүл» электр станциясы іске қосылады



2025 жылға қарай
Бостандық ауданын көше жарығымен қамту деңгейі
100%-ды құрайтын болады



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыру үшін қосымша **875** млн теңге бөлінді



Бостандық ауданында жалпы ұзындығы **28** шақырым болатын **24** көше орташа жөндеуден өтеді



ҚҰҚЫҚ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АЗАПТАУ МЕН ҚАТЫГЕЗДІККЕ ТЫЙЫМ

ЗҰЛЫМДЫҚПЕН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ КҮРЕСУ КЕРЕК

Алматы қаласында «Азаптау мен қатыгездіктің алдын алу: халықаралық және еуропалық стандарттар» атты конференция өтті. Оған еуропалық сарапшылар, Орталық Азия елдерінің судьялары, құқық қорғау органдарының ұлттық құқық сарапшылары, адвокаттар қатысты.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов азаптау мәселесі, екіншіше қарай, әлемнің көптеген еліне тән екенін атап өтті.

— Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаев республиканың құқық қорғау органдарының алдында еліміздегі азаптаулар мен қатыгездіктерді толық жою міндетін қойды. Бұл зұлымдық түрімен жүйелі түрде күресу керек, сондықтан азаптауға және басқа да қатыгездікке қарсы іс-қимылдың еуропалық стандарттарын зерделеу, сондай-ақ осы саладағы әріптестермен тәжірибе алмасу маңызды. Орталық Азияның

барлық бес елінің Конституциясы кез келген жағдайда және ешқандай ерекшеліктерсіз азаптау мен қатыгездікті қолдануға тыйым салады», — деді И.Рогов.

Бұдан әрі ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев заңнамадағы новеллалар және азаптаудың алдын алу жөніндегі жоспарларымен бөлісті. «Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспары іске асырылуда. Сотталған адам ауыр сырқаттанған кезде жазасын өтеу кейінге қалдырылады. Бір жыл ішінде жазасын өтеу бойынша босатылған жағдайда баланың анасымен бірге болу мерзімін 3 жастан 4 жасқа дейін ұлғайтыл-

мақ. Сонымен бірге, азаптауды болдырмаудың алдын алу механизмі туралы арнайы заң әзірленеді. Бұл бастаманы БҰҰ-ның Азаптауға қарсы кіші комитеті мен БҰҰ АҚЖКБ-ның Жоғарғы Комиссары биылғы наурыз айында Қазақстанға сапары кезінде қолдады», — деді Артур Ластаев.

Конференция барысында Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың судьясы Ляtif Гусейнов, Сербияның әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі сотының судьясы Коста Митрович, Тәжікстан Жоғарғы Сотының судьясы Кенжазода Мұхаммаджалолдин тәжірибелерімен бөлісті.

ОЛИМПИАДА

ЖАС АРХИВШІЛЕР АЛАҢЫ

студенттердің ғылымға ынтасын арттырады

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесе, архивтану және іс жүргізу бойынша XV республикалық студенттік олимпиадасын өткізді. Іс-шара «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» ҚР Заңының 25 жылдығына орай «Тарихи құжат – ұрпаққа аманат» архивтік марафонының аясында ұйымдастырылды.

ДОСБОЛ
АТАЖАН

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві аталмыш олимпиаданы биыл жетінші жыл өткізіп отыр. Олимпиада мақсаты – студенттердің ғылымға ынтасын арттыру, Ұлттық архив қорының құжаттарын әйгілеу, архив ісі мен құжаттануды насихаттау, архив мамандығының мәртебесін көтеру, жалпы архив ісі және құжаттануды дамыту.

Олимпиаданы ҚР Президентінің

Архиві әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірге 2016 жылдан бастап өткізіп келеді. Дәстүрлі түрде бұл шараға республиканың жоғары оқу орындары мен колледж студенттері қатысады.

— Бүгінгі таңда қоғамның тұрақты дамуы жағдайындағы мемлекеттік қызметтерге цифрлық технологиялардың енгізілуі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлінің артуы архивтердің алдына жаңа міндеттерді белгілейді. Мемлекет тарапынан еліміздегі архив саласын дамыту бойынша белгі-

ленген міндеттерді жүзеге асыру үшін бірінші кезекте жоғары білікті мамандар қажет, — деді ҚР Президент Архивінің директоры Әлия Мұстафина.

Олимпиада екі кезең бойынша өткізілді: бірінші – «Креативті архивші» тақырыбында шығармашылық тапсырманы орындау; екінші – командалық ғылыми жобаларды қорғау. Командалық ғылыми жобалар «Архивтегі цифрлық технологиялар» және «Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы инновациялар» тақырыптарында болды. Жарыс нәтижесі бойынша жеңіске жеткен командаларға сертификаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Айта кетерлігі, ҚР Президент Архиві архивтану және құжаттану пәндерін оқитын студенттерді кәсіби бағдарлау мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізіліп келеді. Архивте студенттер үшін практикалық сабақтар өткізіліп, тарихи көрмелерге, «дөңгелек үстелдерге», белгілі ғалымдар мен тарихшылармен кездесулерге қатысады. Сонымен қатар, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындары мен орта арнаулы мекемелердің студенттері мен магистранттары жыл сайын Архивте өндірістік және ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өтеді.

ЭКОЛОГИЯ



БІЗ ҚАНДАЙМЫЗ, ЗАМАНДАС?

Ерекше әлеуметтік эксперимент

«Алматы» телеарнасындағы әріптестеріміз экологиялық-әлеуметтік эксперимент жүргізді.

Нақтырақ айтсақ, адам аяғы үзілмейтін жерге, аяқтың астына босаған пластикалық бөтелкені тастап, жанына «Қоқыс жәшігіне жеткізіп салшы!» деген жазу бар парақ қалдырған.

Эксперимент нәтижесінде әрбір төртінші адам қоқысты қоқыс жәшігіне тастаса, қалған 75%-ы аттап, тіпті кейбірі теуіп өте шыққан.

Ал айналасына бей-жай қарамайтын сергек, жаны ізгі жандар жәшікке тастамақ болып қоқысты ала берген сәтте астынан сыйлық ретінде кішігірім шоколад шықты. Бұл әлеуметтік эксперимент қаланың барлық ауданында өтіп жатқан «Almaty Clean and Green» акциясына орай ұйымдастырылды.

Нұр ЖАМАЛ.

НЕ?

ҚАЙДА?


ҚАШАН?

«ҚАСҚЫР МЕН
ЖЕТІ ЛАҚ»

Өтетін орны: Алматы қаласының мемлекеттік куыршақ театры.
Күні мен уақыты: 22 сәуір, 11.00.

«МАХАББАТ СУСЫНЫ»

Өтетін орны: Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры.
Күні мен уақыты: 22 сәуір, 18.00.
Ұзақтығы: 2 сағат 30 минут.

ФК «КАЙРАТ» –
ФК «ОРДАБАСЫ»

Турнир: Қазақстан чемпионаты.
Өтетін орны: Орталық стадион.
Күні мен уақыты: 23 сәуір 18.00.
Жас шектеуі: 5 жасқа дейін тегін.



«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

ҒАЖАЙЫП ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

Алматының Ботаникалық бағына өткен жылы 400 мыңнан астам адам келген



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК басшылығы мен ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен брифинг өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Спикерлер институттың ғылыми қызметі, жобалары, жетістіктері мен жоспарлары туралы айтып берді.

Брифингте хабарланғандай, Алматының негізгі ботаникалық бағы мен Ботани-

ка және фитоинтродукция институты бір-бірінен бөле-жарып қарауға болмайтын, біртұтас мекеме. Алматыдағы ботаникалық бақтың негізі 1932 жылы қаланған. Өткен жылы өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтіпті. Бүгінде «Ботаника бағы» Ботаника және Phyto-intostry-of Phyto-ның РНУТО институты – Астана, Жезқазған және Алматы облыстарында тағы үш мем-

лекеттік ботаникалық бақтарды басқарады. Қазақстанда 6 мемлекеттік ботаникалық бағы бар. Бүгінде Алматы ботаникалық бағы өзінің ерекше флорасымен танымал. Өйткені, әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген мыңдаған тамырлы коллекциялар Алматы жерінде жинақталады. Институт белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жиі жүргізеді. Ғалымдар бірнеше халықаралық жобалар бойынша, соның ішінде Оңтүстік Корея, Ұлттық Baekdu-Daegan Арборетум-да Альпілік шырдарды бағындырып, жұмыс жасап келеді.

Аталмыш институт сонымен қатар,

Алматы облысының флорасы мен өсімдіктеріне кадастрлық бағалау жүргізеді. Өткен жылы сирек кездесетін 17 түрі және 19 өсімдік қауымдастығы анықталды. Сонымен қатар, Алматы облысының өсімдіктер қауымдастығының 4 төлқұжаты жасалып, сипаттамалық құрылымы жасалды.

Бүгінде Қазақстанның табиғи флорасы тұқымдарының атласын құру және тұқым банктерін толықтыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазіргі күнде тұқым қоржынына 4164 үлгі орналастырылған, олардың ішінде сирек кездесетін өсімдіктер мен ағаштар түрлері де бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлнәр СИТПАЕВА,
«Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК
бас директоры:


НЕГІЗГІ МИССИЯ – өсімдік әлемін сақтау және молайту



Мемлекеттік ботаникалық бақ дегеніміз – табиғатты қорғау және ғылымды ұйымдастыру мәртебесін иеленген, ерекше қорғаудағы табиғи аумақ. Онда өсімдіктер әлемін, соның ішінде сирек және жойылып кету қаупі төніп тұрған өсімдіктер түрлерін сақтау, қорғау, оларды өсіріп-өндіру және пайдалану орайындағы зерттеулер мен ғылыми әзірленімдер жүргізіледі.

Сонымен қатар, отандық және әлемдік табиғи-мәдени флора өсімдіктерінің жиынтық топтамасын, яғни коллекциясын жинақтап қалыптастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл біздің флораның биоәртүрлілігіне байланысты жобалар. Оңтүстік Кореяда ботаникалық арборетум ашылды. Біздің екіжақты ынтымақтастық келісім аясында қазір Қазақстанның табиғи флорасының түрлері ұсынылатын құрылым қарастырылуда.

Ботаникалық бақтардың негізгі миссиясы – Қазақстанның өсімдік әлемін сақтау және молайту.



ТҮЙІН:

Брифинг барысында спикерлер биыл жылыжайды жөндеуді, тұрмыстық ғимараттарды қайта құру жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отырғандарын айтты. Сондай-ақ, іске қосылған мобильді қосымшаны одан әрі толтыруды, аудионұсқаулық жасауды, сахнада экологиялық тақырыптар бойынша дәріс циклдарын өткізуді, өсімдік көшеттерін көбейтіп, көшет сатуға арналған жәрмеңкелер өткізуді жоспарлауда.

Институттың нақты мәліметтері бойынша, өткен жылы Ботаникалық баққа келушілердің жалпы саны 400 мыңнан астам адамды құраған.

МАМАН МІНБЕРІ

Светлана НАБИЕВА,
Дендрология зертханасының аға ғылыми қызметкері:

МАГНОЛИЯ МЕН АЗИМИНА Бақ аумағында қызықты коллекциялар көп

Бізге ерекше өсетін өсімдіктер бар. Мәселен, магнолияның гүлденуі көбінесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жиі жарияланады. Бірақ бақ аумағында одан да басқа да өте қызықты коллекциялар бар. Мұнда бірегей халезия немесе алқап ағаштары көптеп кездеседі. Солтүстік Америкадан алынған тұқымның жалғыз данасы да бізде өседі. Азимино – бірегей тропикалық өсімдік, біздің ашық жерімізде өсіп, жақсы өнім жинап беруде.



Гүлнар Тоқбергенқызы брифинг барысында қала тұрғындарының басым көпшілігі ботаникалық бақты тек демалыс орны ретінде қабылдайтынын айтты. Мұнда жиналған өсімдіктер топтамасы қандай ғылыми құндылықты білдіретінін, сондай-ақ Ботаника және фитоинтродукция институтының не іспен жатқанын екінің бірі біле бермейді. Сол себепті, институт қызметкерлері бұл бағыттағы ақпараттық дәріс жұмыстарын жалғастырмақ. Тіпті жақында тікелей ботаникалық бақ аумағында журналистер үшін пресс-тур ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

НЕ?

«БЕС БОЙДАҚҚА БІР ТОЙ»



Өтетін орны:
Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты:
23 сәуір, 19.00.
Автор: Тынымбай Нұрмағанбетов.
Режиссері: Әубәкір Рахимов.

ҚАЙДА?

«ӨЗІМЕН-ӨЗІ КҮРЕС»



Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты:
көрмені сәуір айының 30-ына дейін тамашалай аласыздар.
Көрме: суретші Андрей Бодровтың 60-тан астам графикалық жұмысы қойылады.

ҚАШАН?



«SENBE»

Өтетін орны: барлық кинотеатрда.
Күні мен уақыты: 22–25 сәуір, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.
Жанр: комедия.
Ұзақтығы: 90 минут.
Жас шектеуі: 12+.

Әзірлеген Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ПІКІРЛЕР АЛАҢЫ

**Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, кинодраматург,
Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты:**

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДӘРІПТЕЙІК ұлттық тәрбиені қолға алу керек



Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде сөйлеген сөзінде негізінен елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларын жеделдету жөнінде айтты. Бұл біздің мамандығымыздан сәл алыстау тақырыптар. Дегенмен, солардың ішінде бір тақырып төңірегінде пікір білдірейін.

Мысалы, Президент қазіргі күні жас балаларымыздың қауіпсіздігінің қорғалмай жатқанын, оған жауапты құрылымдардың күші келмей отырғанын, балалар арасында небір сорақы қылмыстың көбейіп кеткенін, оның соны суицидке апарып жатқанын ашық айтты. Және де бұл келеңсіздіктермен күресудің ең үлкен тәсілі — ол отбасы құндылықтарын дәріптеу деп айтқаны біздің көңілімізге қонады. Енді осыны таратып айтайын.

Иә, отбасы құндылықтарын дәріптеу аса маңызды деп отыр Мемлекет басшысы. Ендеше, бізде отбасы құндылықтары деген болған екен ғой, қарап отырсақ. Ал дәл қазір төңірегімізге қарап отырсақ, сол құнды-

лықтардың жұрнағының ғана қалғанын көреміз. Бұрын біздің халқымызда ажырасу, әке-шешесін үйден қуып, ардагерлер үйіне өткізіп, туған баласын сатып жіберу, жезөкшелікпен айналысу, бір үйде отырған ағайын бірін-бірі ақша үшін өлтіру деген болмайтын. Ендеше, бұл сұмдықтар қайдан келді? Осыған жауап берсек, мәселенің түп төркіні қайда жатқанын бірден көреміз. Ендеше, біз баяғы, өзімізде болған құндылықтарды қалай жоғалтып алдық, соны айтуымыз керек алдымен.

Кейінгі 30 жылда біз, әсіресе, жастарды, әлі оң-солын білмейтін бала-шағамызды Голливуд фильмдерінің тәрбиесіне беріп қойдық. Яғни кинопрокатты мемлекет Голливуд картиналарының еркіне беріп қойды. Ал біздің үкімет болса, сол фильмдерді көрген балалардың болашақта қандай адам болып шығатынын болжай алмай қалды, басын ауыртпады оған. Яғни біз балаларымызға «не көрсең, соны көр» дегендей, прокатты мемлекеттік идеологиядан тыс нәрсе сияқты беріп қойдық өзгенің қолына. Ал солай өз білгенін көріп, өз білгенін тоқыған сол балалар қазір отызға келді. Сол жастар үйленіп, бірақ үй болып кете алмай жатыр. Әрбір көтерілген 100 отаудың 40-ы құлайды бізде. Ол үйден шыққан, әке-шешесі ырын-жырын болып жүрген баладан не сұраймыз? Сөйтіп, олар көшеге кетеді немесе шетелдің түрлі азғындықты дәріптейтін фильмдерін көреді.

Содан ұлттық тәрбие жоғалып, бізді, ұрпағымызды ұлтсыз тәрбие жеңді. Салдарынан жастар арасында көз көріп, құлақ естімеген сорақылықтар шығып жатыр. Қыздарымыз екі күннің бірінде көпірден, көпқабатты үйден секіріп жатыр, яғни суицид жасауда. Мектеп жасындағы балалардың өз-өзіне қол салуы жөнінен Қазақстан шын мәнінде әлем бойынша алдыңғы орындарда. Бұл сол жаңа айтқан 30 жыл бойғы идеологиямызды уысымыздан шығарып алғанымыздың нәтижесі. Енді не істеуіміз керек?

Күнде баратын кинотеатрларымызда қандай фильмдер жүріп жатыр, ондағы көрсетілімдер бізге ұлттық тәрбие беріп жатыр ма, әлде ұлтсыз тәрбие беріп жатыр ма, біздің идеологтарымыздың осыған көңіл аударатын, мемлекетіміздің осымен айналысатын уақыты келді.

Мынаған қараңыз, биылғы 13 наурызда Президент «Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз әбден мүмкін» деді. Шынымен де, идеологияны уысымыздан шығарып алғаннан қандай ұрпақ шығатынын көріп отырмыз. Мысалы, Алматыда 50 шақты түнгі клуб жұмыс істейді. Сол жерге біздің балаларымыз иман іздеп бара ма? Жок, басқа нәрсе іздеп барады. Қаламызда 50 шақты мешіт бар. Сонда тепе-тең болып тұр. Құдайға шүкір, мешітке баратын жастар да жетеді, солар ұлттың болашағын, иманын құрайтын. Жаңағыдай дінсіздік пен имансыздықтан құтқаратын ұрпақ та қалыптасып жатқанын айта кетуіміз керек. Бірақ сол 50 түнгі клубтың керегі не? Ол жерде не болып жатқанын сараптап, әлеуметтік талдау жасайтын біреу бар ма екен? Есірткі, арақ ішу, жастардың оспаларсыз әрекеттері, сөйтіп аяғын шалыс басуы, үйленбей жатып түрлі қадамдарға баруы сол түнгі клубтардан басталады.

Демек, ең бірінші кезекте отбасы құндылығын дәріптеп, ұлттық тәрбиені қолға алуымыз керек.

**Ильяс КАЗИЕВ,
«Алматы Су» МКК
бас директоры:**

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ТҰРАҚТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен кеңесте елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері қаралды. Онда Президент ел дамуына қатысты көптеген мәселелерді көтеріп, сала мамандарына бірқатар тапсырмалар жүктеді. Соның ішінде коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне де ерекше тоқталды.

Бүгінде қала шекарасындағы коммуналдық инфрақұрылым біркелкі дамымаған. Қаланың кейбір бөліктерінде орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйесі жок. Қолданыстағы желілердің негізгі бөлігі кеңестік жылдары дамудың жай-күйін және сол кездегі қала шекараларын ескере отырып салынған.

Бұл ретте Мемлекет басшысы инфрақұрылымды жаңарту қажеттігін, ол үшін коммуналдық қызмет тарифін көтеру керектігін айтты. Ал одан түскен ақша тікелей сол кемшілікті реттеуге жұмсалып, жаңа қуат көздерін іске қосуға және жұмысшылардың жалақысын көтеруге бағытталуы қажет деді. Ең бастысы, қаржының қайда жұмсалатыны қатаң бақыланып, халық коммуналдық қызмет үшін төлеген ақшасының қайда кетіп жатқанын көріп отыратын болды. Президент айтпақшы, оған қазіргі цифрлық бақылау жүйесінің мүмкіндігі жетеді.

Мемлекет басшысының тапсырмалары қала экономикасының қуат алуына, инфрақұрылымдық жобаларды табысты іске асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мен ел Президентінің халықтың өмірін жақсартуға бағытталған нақты шаралар мен бастамаларының барлығын қолдаймын әрі олардың уақытылы орындалатынына сенемін.



**Алмас БЕРДІБЕКОВ,
кардиохирург:**

ӘР АДАМ ӨЗІ ҮШІН САУАТТЫ БОЛУЫ КЕРЕК



Еліміздегі денсаулық сақтау жүйесінде күні бүгінге дейін шешілмей келе жатқан түйткілдер жетеді. Бұл жөнінде Президент үнемі айтып келеді. Мемлекет басшысы осы жолы да еліміздің әлеуметтік-экономикалық

дамуы жөніндегі кеңесте медицина саласындағы қордаланған мәселелер төңірегінде сөз қозғады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ұлтымыздың дені сау, сауатты болмай, экономиканы өркендетеміз деу бекер әурешілік. Сондықтан мемлекетіміздің басты байлығы — халқымыздың тұрмыс-тіршілігін жақсартамыз десек, ең алдымен ұлтымыздың саулығына баса назар аударғанымыз жөн. Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің басты міндеті — аурудың алдын алу және қоғамның денсаулығына мемлекет пен халықтың ортақ жауапкершілігін арттыру. Қазіргі таңда науқастардың көбі ауруы асқынған кезде дәрігерге көрінеді. Сондықтан медицина саласында асқынған созылмалы ауруларға және қауіпті жағдайлармен күреске көп ақша жұмсалады. Емдеуге бөлінген қаражаттың көп бөлігі ауруы асқынған кезде жасалатын оталарға жұмсалады. Ал ауруды емдегеннен гөрі алдын алуға ерекше көңіл бөліну керек.

Ол үшін кез келген адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарағаны жөн. Ал мемлекет халықты қолжетімді, сапалы медицинамен қамтыса, сонда ғана нәтиже болады. Президенттің сөзін толық қолдаймын. Болашақта міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тың серпінмен дами түседі деп ойлаймын.

БІРЛЕСКЕН ІС-ҚИМЫЛ КЕРЕК

**Айбар ОЛЖАЕВ,
қаржы сарапшысы:**

Мемлекет басшысы осының алдында да инфляцияны екі есеге түсіру бойынша Министрлер кабинетіне тапсырма берген болатын. Бірақ қазіргі жағдайда Ұлттық Банксіз Үкімет, не Үкіметсіз Ұлттық Банк өздігінен инфляцияға қарсы күресе алмайды. Тек екеуі бірге қимылдау керек және ол қимылдар ақылдаса отырып жасалуы тиіс.


Ұлттық Банк тарапынан ол — базалық ставка механизмі арқылы нарықтан басы артық өтімділікті алып отыру мен эмиссияға шектеу қою. Ал Үкімет фискалды-салық

саясаты аясында мемлекеттік шығыстарды барынша қысқартып, бюджеттік дефицитті азайту керек. Және бағаны тұрақтандыру бойынша онлайн жұмыстар: жеміс-көкөністерді сақтайтын заманауи базалар құрылысы, көтерме сауда желілеріндегі делдалдық тізбекті азайту, кеден қызметін оңтайландыру, қарапайым тұрмыстық заттардың ішкі өндірісін белсенді бастап кету тапсырмасы тұр. Егер осы қадамдар жасалып, өз жемісін тез арада бере бастаса, инфляцияны бізге ыңғайлы коридорға кіргізе аламыз.



БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Ақмарал БОЖАНОВА,
№138 гимназия директорының тәрбие
жұмыстары жөніндегі орынбасары:**



Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында жастар мен балалар арасында қылмыстардың жиілеуі оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып

отырғандығын атап өтті.

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғау шараларын заңмен күшейтуге, отбасы құндылықтарын дәріптеуге маңыз беруді міндеттеді. Президентіміздің бұл

аманаты біздерге, ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктейді.

Бала қауіпсіздігі мәселесінің қоғам үшін маңызы зор. Әр ата-ана баласының өмірі қауіпсіз ортада болғанын қалайды. Сондықтан әрбір мектептегі қауіпсіздік шаралары сенімге селкеу түсірмейтіндей болуы қажет деп есептеймін.

Алматының білім беру ұйымдарындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылған бейнебақылау камералары, турниктер қауіпсіздікті біржақты қамтамасыз етеді. Мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар мен сақтық шараларын қабылдау қажет.

Нәлдік төзімділік саясаты және

зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектептерде құқықтық штабтар мен құқықтық кеңес жұмыс атқарады. Арнайы құқықтық мекеме қызметкерлерімен бірлесіп атқарылған жұмыстар да өз нәтижесін беріп жатыр. Сонымен қатар, қазіргі кезде отбасы құндылықтарын дәріптеу ісі мектептерде кеңейтіліп жүргізіліп келеді. Ата-ана — оқушы — мектеп үштігінің жұмысы толыққанды жүргізіледі десек те, баланың тәрбиесіне жауапты ең алдымен — ата-ана. Сондықтан ата-ананың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі заңмен күшейтілуі керек. Мектептерде ювеналды бөлім инспекторларының болуы да мәселені толық шешпейді. Өйткені, олар полиция қызметкері ретінде өз бөлімшелерінің жұмысын қоса атқарады. Сондықтан мектепке полиция қызметкерлері үшін арнайы штаттық бірлік бекітілсе дұрыс болар еді. Сонымен қатар, телеарналар мен сайттарға арнайы фильтрлердің қойылғаны балаларды буллингтен қорғары анық.



● ФОРУМ



МОНОПОЛИЯ ел дамуын тежейді

Алматыда IX Еуразиялық монополияға қарсы форум өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл форумды Монополияға қарсы сарапшылардың Еуразиялық альянсы ұйымдастырып отыр. Форум барысында Еуразиялық аймақ елдеріндегі бәсекелестікті дамытудың өзекті мәселелері, экономикаға мемлекеттің қатысуының рөлі, монополияға қарсы реттеудің елдің инвестициялық ахуалына әсері, монополияға қарсы тәуекелдердің алдын алу және төмендету бойынша практикалық шаралар, қазіргі әлемде үстемдік ететін компаниялардың бағасы туралы айтылды.

Биылғы форумда ЕАЭО-ның бухгалтерлік есеп және аудит қызметтері үшін трансшекаралық шешімдерді қабылдаумен нарықтағы бәсекелестікті қорғау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласы нарығын дамыту және қорғау мәселелері бойынша талқылаулар өтеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларының қатысуымен өтетін кезектен тыс отырыс монополияға қарсы даулар бойынша дәлелдеу және сараптамалық білімдерді пайдалану мәселелеріне арналады. Форум ЕАЭО және Қазақстандағы монополияға қарсы реттеудің келешегі туралы білуге, монополияға қарсы органмен тиімді байланыс туралы практикалық білім алуға, реттешіге тікелей сұрақтар қоюға және жаңа іскерлік байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Өз сөзінде ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров форум монополияға қарсы ведомстволар, мемлекеттік органдар, сарапшылар қауымдастығы мен бизнес арасында бәсекелестікті қорғау және монополияға қарсы реттеу мәселелері бойынша практикалық тәжірибе мен білім алмасуға арналған кәсіби алаң екеніне тоқталды.

– Экономиканы монополиядан арылту, әділдікті қалпына келтіру және адал бәсекелестік үшін жағдай жасау Қазақстанның жаңа экономикалық саясатының маңызды қағидаттары болып саналады. Ол туралы Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев бірнеше рет атап өтті. Мемлекеттің бизнеске қатысуы айтарлықтай кеңейіп келеді, – деп атап өтті Марат Омаров.

АЗАМАТТЫҚ АЛЪЯНС

көптің назарын халықтың әл-ауқатына аудармақ

Биылғы 9 маусымда Алматының XIII Азаматтық форумы өтеді. Форумның жұмысы екі жылдық үзілістен кейін қайта жаңғырмақ. Ұйымдастырушылар, яғни үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтық қоғам өкілдері Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар алаңында осы іс-шара туралы толығырақ айтып берді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Форумның мақсаты – қоғамдық ұйымдардың басын бір жерге қосып, қаланың түрлі өзекті мәселелерін бірге талқылау. Форумда басты назар қала тұрғындарының

мәселелеріне аударылмақ. Бұл жөнінде Алматы Азаматтық альянсының төрағасы Қайыржан Әбдіхалықов айтты.

«Биылғы форумның тақырыбы үздіксіз даму мақсатында, азаматтық қоғамның қазіргі сын-қатерлері мен оларды шешу мүмкіндіктеріне арналмақ. Біз тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын, білімге, мәдениетке, спортты дамытуға, денсаулық сақтауға, экология мен қоршаған ортаны қорғауға, құқық қорғау саласына қатысты мәселелердің кең спектрін БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары тұрғысынан қарастыратын боламыз», – деп атап өтті Қ.Әбдіхалықов.

Форум соңында құнды тәжірибелік ұсынымдар дайындалады. Ал ол ұсынымдар мен ұсыныс-тілектер осы жылдың күзінде елордада өтетін республикалық форумның күн тәртібіне шығарылатын болады. Форум жұмысына түрлі ҰЕҰ-ның, уәкілетті органдардың, әкімдіктің, Өңірлік азаматтық альянстардың өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық деңгейдегі сарапшылар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақыт ТҮМЕНОВА,
«Аман-саулық» қоғамдық қорының президенті:

МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ, ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ ШАРА




Біз халықты толғандыратын мәселелері бойынша «қоғамдық қабылдау» бөлмесін іске қосуды әлі шешкен жоқпыз. Мүмкін біз керекті кеңесті бірден сол жерде береміз, ал кейбірін Азаматтық форумның отырысына шығарамыз.

Биылғы Азаматтық форумның маңыздылығы жоғары, бұл қоғамға қажет шара. Екі жыл бұрын болған республикалық форумнан кейін көптеген оқиға бастан өтті. Азаматтық форумға дайындық аясында

Зүлфия БАЙСАҚОВА,
«Қазақстан дағдарыс орталықтары» баскарма төрайымы,
Алматы Азаматтық альянсының мүшесі:

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ МАҢЫЗДЫ



Азаматтық секторды дамытуда және ҰЕҰ-ға қолдау көрсетуде жаңа тәсілдерді әзірлеу қажет. Азаматтық қоғам сараптамалық әлеуетке және біздің іс-әрекеттерімізді, жұмыс істеуге тұрарлық жобаларды бағалауға үлкен үлес қосады және көбінесе іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың негізін құрайды. Бүгінгі таңда Алматы қаласында 9 «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді. Біз ҰЕҰ-ды үй-жаймен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базамен және әрине, осы процеске қатысатын адамдарды қаржылай көмек тұрғысынан қолдау керектігін айтамыз. Бірақ бұл әрдайым іске аса бермейді, өйткені барлық бағдарламаның тиімділігін бақылау және бағалау қажет. Себебі, біз қаржылық инвестицияларды қайда жұмсаймыз және көздеген мақсаттарға қол жеткіземіз бе, сол маңыздырақ.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

«ТҰРАҚТЫ ЖОЛ»

ұлттық әлеуметтік эконоауқаны іске қосылды

«Алматыбасжоспар» ғимаратында «Тұрақты жол» ұлттық әлеуметтік эконоауқанын іске қосу тақырыбында брифинг өтті. Жиында эконоауқан аясында өткізілетін шаралар жоспары талқыланды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматының іскер әйелдер қауымдастығымен бірлесіп жүзеге асырылатын «Тұрақты жол» эконоауқаны аясында Қазақстан жастары өздерінің экобастамалары мен стартаптарын таныстыруға мүмкіндік алды. Қоршаған ортаға зор пайдасын тигізетін бастамалардың иелері 10 миллион теңге көлемінде жүлде қорын ұтып алады.

Қазақстан ЮНЕСКО клубтары федерациясының бас хатшысы Сабина Ақжарованың айтуынша, «Тұрақты жол» эконоауқанына орай ұйымдастырылатын байқау бірнеше

кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде қатысушылардың өтініші қабылданады. Байқауға 16 жастан 35 жасқа дейінгі жастар, студенттер, жас кәсіпкерлер қатыса алады. Қатысушылардың жобалары қазақстандағы экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған болуы шарт. Айталық, ауаны тазартып, суды, жарықты үнемдеу, өсімдіктерді ерекше әдіспен өсіру деген секілді жұмыстар қабылданады. Осы жұмыстардың ішінде үздік жобалар халықаралық деңгейде таныстырылып, жүзеге асырылады.

– Біз осы уақытқа дейін адамдарға қоршаған ортаны қорғау үшін жарықты сөндіру, қоқысты сұрыптау, су қрандарын жауып жүру секілді қарапайым ғана әрекеттерді қалыптастыруға тырысып келдік. Қазір біздің арамызда экология үшін жаны ауыратын адамдар көп. Біздің мақсатымыз сондай адамдардың бастамасына қолдау білдіру, – дейді Қазақстан ЮНЕСКО клубтары федерациясының бас хатшысы.

Бағдарлама аясында еліміздегі балалардың шығармашылық дағдыларын ашу, кәсібін жаңадан бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлердің өз бизнесіне ESG компоненттерін енгізу арқылы тұрақты дамуға қол жеткізетін бірқатар басқа бастамалар да қамтылады.

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

КӘСІПТІК БАҒДАР

мамандық таңдауда маңызды

Алматыда 9–11-сынып оқушылары мен колледж студенттеріне ай сайынғы кәсіптік бағдар беру қызметі көрсетіліп жатыр. Осы бағытта қала бойынша жыл басынан бері 15 мыңнан астам оқушы әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтіп үлгерді. Мәселен, кеңес беру, тестілеу және нәтижелерді талқылау сияқты жұмыстар жастардың болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауына және жұмысқа орналасуына көмектеседі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жүзеге асып жатқан кәсіби бағдар оқушының қызығушылығы мен қабілетін зерттеуге, оларды түрлі мамандықпен, таңдау ережелерімен, жалпы кәсіби мотивацияны қалыптастыруға бағытталған.

– Қазір оқушылардың, студенттердің және жұмыссыз жастардың басым көпшілігі кәсіптік бағдарлауды қажет етеді. Сондықтан осы қызметті көрсету формалары әртүрлі. Ай сайын жұмыспен қамту орталығының мамандары оқу орындарына барады, кәсіби өзін-өзі анықтау үшін тестілеу, дәрістер, шеберлік сыныптары, тренингтер және басқа да сабақтар өткізеді. Бірінші кезекте кәсіптік бағдар беру оқушылар үшін маңызды, өйткені олар жакын арада болашақ мамандықтарын таңдауы керек, – деді Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева.

Шыны керек, болашақ мамандығын дұрыс таңдай алмау салдарынан көптеген студент өз таңдауына көңілі толмай, оқудан шығып кетіп жатады. Сондықтан қоғамдағы жаңа үрдістер ел экономикасын дамыту үшін балалар мен жастарды кәсіптік бағдарлаудан өткізу маңызды екенін көрсетіп отыр. Дәл қазіргі уақытта қаламыздың 62 мыңға жуық оқушысы мен студентіне кәсіптік бағдар беру қызметі көрсетілді. Жаңа кәсіптер туралы қосымша ақпаратты Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы сайтынан алуға болады (enbek.kz). Кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыстарды аталмыш басқарма мен Алматы қаласының Білім басқармасы бірлесіп жүргізіп отыр.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ТІЗІМ ТАҒЫ «ЖАҢАРДЫ»

мына тұрғын үй
кешендерінен баспана
сатып алуға болмайды

Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, келесі тұрғын үй кешендерінің құрылысқа қажетті толық құжаттар пакеті жоқ:



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



ORDA CITY ТҮК

«Теректі» ы/а, Айналмалы көш., 183.
Тапсырыс беруші: «Investment Stroy» ЖШС.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы туралы хабарлама және жоба алдындағы құжаттамасы жоқ, учаскені пайдалану мақсаты – ЖТҮҚ.

Басқарма құрылыс салушыға ҚР ӘҚБтК-нің 316-баптың 1-бөлігі, 321-бап бойынша шаралар қабылдап, құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарды, сонымен қатар Алматы қаласының мамандандырылған аудан-аралық экономикалық сотына қазаншұңқырды бұзу және қайта толтыру туралы талап арыз жолдады.

DOSTAR DELUXE ТҮК

«Мәдениет» ш/а, 185/8.
Тапсырыс беруші: ИП «Ашинов».

Эскиздік жобасы келісілмеген, құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы туралы хабарлама жоқ.

ҚР ӘҚБтК-нің 316 баптың 1-бөлігі, 321-бап бойынша шара қабылданды.

VERONA ТҮК

«Ремизовка» ш/а, 7-жол
71 учаске.

Тапсырыс беруші: 5 жеке тұлға.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуы туралы хабарлама және жоба алдындағы құжаттамасы жоқ.

Айта кету керек, бүгінгі таңда азаматтардың заңсыз тұрғын үй кешендерінен пәтер алу фактілері тұрақты түрде анықталуда. 3 қабатқа дейінгі тұрғын үйлер үшін үлескерлерден қаражат тартуға рұқсат талап етілмейтін қолданыстағы заңнаманы пайдаланып, жосықсыз құрылыс салушылар жылжымайтын мүлік сатып алушыларды жаңылыстыруда.

Жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын, Қала құрылысын бақылау басқармасының +7 (727) 229-81-36 сенім телефонына хабарласып, салынып жатқан тұрғын үй кешендеріндегі құжаттардың толық пакетін тексеруді ұсынамыз.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



Нұржамал
ЭЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

Сағат 7.30-да 10 км қашықтық және скандинавиялық жүру, ал сағат 08.10-да 21 км қашықтықта жүгіру басталады.

Алматы жартылай марафоны биыл алтыншы рет өткелі тұр. Жарысқа 7660 спортшы мен жүгіруді ерекше жақсы көретін жандар қатысады. Мәре сызығы кесілетін Орталық стадионда черлидерлер командалары мен музыкалық топтардың қатысуымен үлкен ойын-сауық бағдарламасы жоспарланған.

Көпшілікті салауатты өмір салтына үндейтін ауқымды іс-шараның өтуіне байланысты сол күні, яғни жексенбі күні сағат 00.00-ден 12.00-ге дейін қашықтықтан өту орындарындағы жолдарда қозғалыс ішінара жабылатын болады. Сондай-ақ, Алматы марафонына байланысты 57 қоғамдық көліктің бағыты уақытша өзгереді.

Кейбір жолдар уақытша жабылады

Марафон Тұңғыш Президент саябағынан басталатындықтан, әл-Фараби даңғылының солтүстік жағында Мұстафин көшесінен Навои көшесіне дейінгі жол бөлігінде қозғалыс 23 сәуір күні сағат 00.00-ден 12.00-ге дейін, ал оңтүстік жағы сағат 7.00-ден 8.10-ға дейін жабық болады.

Әл-Фараби даңғылының солтүстік жағында Мұстафин көшесінен Назарбаев даңғылына дейінгі жол бөлігінде қозғалыс сағат 7.15-тен 09.40-қа дейін жабық болады. Ал оңтүстік жағы ашық болады.

Сейфуллин даңғылында әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейінгі жол



бөлігінде қозғалыс сағат 7.40-тан 09.00-ге дейін толық жабылады.

Абай даңғылының оңтүстік жағында Саин көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейінгі жол бөлігінде қозғалыс сағат 8.40-тан 11.10-ға дейін жабық болады. Ал солтүстік жағы ашық болады.

Абай даңғылының оңтүстік жағында Сейфуллин көшесінен Байтұрсынов көшесіне дейінгі жол бөлігінде қозғалыс сағат 7.50-ден 09.30-ға дейін жабық, ал солтүстік жағы көлік қозғалысына ашық болады.

Саин көшесінің шығыс жағында әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейінгі жол бөлігінде қозғалыс сағат 08.30-дан 10.10-ға дейін жабылады. Батыс жағы ашық болады.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫНА АВТОКӨЛІКПЕН ЖЕТУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН МАРШРУТТАР:

- Мұстафин көшесінің бойымен оңтүстікке қарай әл-Фараби даңғылына дейін;
- Навои көшесінің бойымен оңтүстікке қарай әл-Фараби даңғылына дейін;
- Садықов көшесінің бойымен солтүстікке қарай әл-Фараби даңғылына дейін;
- Дулати көшесінің бойымен солтүстікке қарай әл-Фараби даңғылына дейін;
- Саин көшесінің бойымен оңтүстікке қарай әл-Фараби даңғылына дейін;
- Розыбакиев көшесінің бойымен оңтүстікке қарай әл-Фараби даңғылына дейін.

ЖӘРМӨҢКЕ

СПОРТТЫҚ ӨНІМДЕР АЛАҢЫ

Алматыда жексенбі күні өтетін қалалық жартылай марафонының алдында спорттық жәрмеңке ұйымдастырылды.



Спорт сүйер қауымға арналған жәрмеңке қаламызда 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Мұнда кәсіби спортшылар да, қарапайым қала тұрғындары да спорттық атмосфераны сезініп, өзіне қажетті киім-бұйымдарды таба алады. Сондай-ақ, жексенбі күні жартылай марафонға қатысушылар осы жәрмеңке аймағында өздерінің жарыс нөмірлерін ала алады.

«Іс-шараның мақсаты – ертеңгі жарысқа қатысатын адамдарға, нақты айтсақ, 7 мыңнан астам адамға электронды чиптер мен нөмірлерін табыстау. Сондай-ақ, бұл процесс қызықты өту үшін біз спорттық жәрмеңке ұйымдастырдық. Мұнда 20-ға жуық спорттық компания өз өнімдерін ұсынған. Қала тұрғындары мен қонақтары өздеріне қажет керек-жарақты осы жерден таба алады. Арнайы суретке түсетін алаңдар да бар. Азаматтарымыздың спортқа қызығушылығы артып келе жатқаны бізді қуантады», – деді Алматы жартылай марафонының ұйымдастырушысы Иса Қалқа.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

БРИФИНГ

Ертен, яғни 23 сәуірде, сағат 19.00-де «Алматы Арена» алаңында «Жастар таза ауа үшін» атты мұзды шоу қайырымдылық акциясы өтеді. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте шоууды ұйымдастырушылар алматылық әуесқой мәнерлеп сырғанаушыларды да өнер көрсетуге шақырды.

«ЖАСТАР ТАЗА АУА ҮШІН»

мұз-шоуынан түскен қаражатқа
20 отбасына газ тартылады

Олардың айтуынша, бұл жай ғана мұзды шоу емес, мегаполис экологиясын жақсартуға және тұрмысы төмен отбасыларын қолдауға арналған нағыз спорттық, әсерлі SOI (мұз бетіндегі студенттер) іс-шарасы. Жаттықтырушы, спорт шебері, Қазақстан және Азия жарыстарының чемпионы Регина Глазманның бес ай бойы жетекшілігімен, күнделікті жаттығудан өткен алматылық 11 жұл студент конькимен өнер көрсетеді.

– Мұзды шоуға билет сатудан түскен ақша Түркісіб ауданындағы 20 мұқтаж отбасының жеке үйіне газ тартып беруге жұмсалады. Біздің мақсатымыз – жастардың да назарын әлеуметтік маңызды мәселелерге аудару, олар да қандай құндылықтарды қолдау және насихаттау керектігін біліп жүрсе дейміз.

Осы орайда бізге үлкен қолдау көрсеткен Алматы әкімдігіне алғысымызды білдіреміз, – дейді Қазақстан әйелдер

күштері альянсының төрайымы Раушан Сәрсембаева.

Ал өз кезегінде «Әйелдер күштері альянсы» ұйымының мүшесі, жобаның демеушісі Арай Төлемісова: «Кемір жағу ауаның ластануы мен адам денсаулығына үлкен экологиялық қауіп төндіреді. 2019 жылы Алматы әлемдегі экологиялық қауіпті 100 қаланың қатарына еніп, 95-ші орынды иеленген. Біз бірлескен күш-жігер арқылы қаламыздың гүлденуіне әсер ете аламыз деп ойлай-мын», – деді.

Альянс өкілдері үй-үйді аралап жүріп, кімдерге нақты қолдау керектігін өз көзімен көріп, анықтаған. Олар қайырымдылық акциясына қатысуға алматылық жастардың ерекше ынта-ықылас танытып отырғанын атап өтті. Сондықтан олардың мұз айдынында нәтижеге жетуіне тілекшіміз. Біз де барып, билет сатып алып, мұқтаж жандар өмірінің жақсаруына үлес қосайық.

Нұр ЖАМАЛ.



АУДИТ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ: бақылау күшейеді

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті қызметінің 2023 жылғы I тоқсан қорытындысы

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылдың I тоқсанында 25 аудиторлық іс-шара өткізді, оның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 25 552 399,2 мың теңгені құрады.

Оның ішінде:

- қаржылық бұзушылықтар 65 940,1 мың теңге;
- рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 25 486 459,14 мың теңге мың теңге, оның ішінде – 9 352 259,5 мың теңге сомасына Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзу.

Есепті кезеңде Департамент қабылданған ден қою шараларының нәтижелері бойынша бюджетке өтелді және бухгалтерлік есеп, жұмыстарды, қызметтерді орындау және тауарларды жеткізу бойынша 9312 мың теңге сомасында қалпына келтірілді (көрсетілді).

Жүргізілген бақылау тексерулерімен Департамент құқық қорғау органдарына жалпы сомасы 8 110 415,3 мың теңгеге екі аудит материалын жіберді, олар сот органдарына қарауға келіп түсті.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 23 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 22 002,4 мың теңге сомасына 155 Әкімшілік іс қозғалды, олар бюджет кірісіне толығымен өндірілді.

Мемлекеттік аудит объектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтамауы «СК-Фармация» ЖШС арқылы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу мен пайдалануды, ақшалай қаражатты онтайлы және тиімді пайдалануды жүргізудің бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу мен орындаудың бұзылуына әкелді, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең жақсы тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу, сондай-ақ мемлекет активтері мен квазимемлекеттік сектор активтерін пайдалану қажеттілігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

Тиімділікті арттыру және қызметті жетілдіру мақсатында объектілерге мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына бұзушылықтарды болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдау, мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыру үшін ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар жіберілді.

А.ТАСТАНОВ,

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Жоспарлау бөлімінің басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласының Статистика департаменті 2023 жылдың II тоқсанына Алматы қаласы бойынша күнкөріс деңгейінің көлемі 47 739 теңге, кедейлік шегі – 33 417 теңгені құрайтынын хабарлайды».

ЖШС «Зердеш» мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**

1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

МӘРТЕБЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – абыройлы міндет

Жалпы қандай кәсіп, қандай қызмет болмасын, кез келген адам үшін егер ол өз жанының қалауы, өз еркінің таңдауы болып, ол ісін бар ынтасымен істейтіндей, жұмысына ерекше көңілмен келіп, жұмысын шын ұнатып, тіпті шаршаған күннің өзінде ерекше бір күйде ләззат алар болса, онда ол сол адамның адаспай тапқан, нағыз таңдаған кәсібі немесе қызметі екені айдан анық.

Осылай өз қызметін адаспай тапқан адамның еңбегінің жемісі берекелі болатыны да, оның қоғамға тигізер пайдасының да зор болары рас.

Мен мемлекеттік қызметкермін. Осы мемлекеттік қызметте қызмет етіп келе жатқаным 20 жылдан асыпты. 20 жылдық мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілім Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде абыроймен өтіп келеді. Өз мамандығым бойынша істеп келе жатқан қызметім – менің мақтанышым.

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті бүгінгі таңда республика деңгейінде қаржы саласындағы жоғарғы рейтингті көрсетіп келе жатқан бірден-бір мемлекеттік мекеме.

Департаментте қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлердің барлығы өз істеріне жауапты, адал әрі нағыз мемлекеттік қызметкерге лайықты аса білімді мамандар. Департамент ішінде мемлекеттік қызметкерге қойылатын талаптар мен жемқорлықтың алдын алуға бағытталған көптеген іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстары басшылық тарапынан үнемі жүргізіліп, мамандардың білімін жетілдіріп отырады.

Кез келген азаматқа мемлекеттік қызметкер болу – өте үлкен мәртебе.

Мемлекеттік қызмет кез келген адамды ең біріншіден, аса үлкен жауапкершілікке тәрбиелейтін үлкен мектеп деп айтсақ болады. Мемлекеттік қызметкер ретінде ант беріп, абыройлы қызметке қабылданған кезден бастап, әр мемлекеттік қызметкер үлкен жауапкершілікке ие болып, мемлекет алдындағы өзіне жүктелген міндеттерді, жауапкершілікті сезінеді.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік имиджін қалыптастыратын тұлға екенін үнемі есте сақтап, қызмет бабында болмасын, қызметтен тыс уақытта болмасын өзін адамгершілік және әдеп нормаларына сәйкес ұстауы керек. Өзін қандай да бір аландатушы немесе сыбайлас жемқорлыққа негіз болатын жағдаяттардан бойын аулақ ұстауы тиіс.

Мен өз басым осы еңбек жолдарымда мемлекеттік қызметті таңдағаным еш өкінген емеспін. Керісінше, таңдауымның осы мемлекеттік қызметке түсіп, осы жолды таңдағаным осы күнге дейін қуанамын.

Әрине, қазіргі нарықтық заман қарыштап, өзіне ғана қызмет ету, өз кәсібі арқылы даму барынша етек алған уақытта жалақысы біршама жоғары жекеменшік компанияларда немесе жеке бизнес саласында қызмет ету – тиімді әрі жеңіл. Алайда, мемлекеттік қызмет кез келген адамның қолынан келер іс емес екенін көпшілік біле бермейді. Мемлекеттік қызмет адамды аса үлкен жауапкершілікке тәрбиелейтін, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, дәнекер қылатын қызмет десем қателеспейтін шығармын. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметкерлерге де барынша жағдайлар жасалған. Арнайы түрлі бағдарламалар арқылы жеңілдікпен баспаналы болу да қазір мемлекеттік қызметкерлерге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Президентіміз де жыл сайын мемлекеттік қызметкерлердің имиджін көтеріп, жалақысын да арттырып келеді.

Менің қазіргі таңда көп байқағаным, әсіресе жастар қауымы мемлекеттік қызметке көп қызығушылық танытуда. Бұл, әрине, қуантатын жәйт. Себебі, қазіргі жастар дамыған әрі ақылды. Олар мемлекеттің болашағы үшін қызмет етіп, сол мемлекеттің бір бөлшегі ретінде өз іздерін қалдырып, жоғары билікке араласып, сол арқылы шетелдің де мемлекеттерінің билігін, олардың мемлекеттік қызметін танып-білгісі келеді. Бұл өте дұрыс деп ойлаймын.

Мемлекеттік қызметкер тек бір орнында тұрып қалмай, үнемі ізденіс үстінде, даму процесінде болып, өсуге, жоғарылауға ұмтылуы қажет. Өзгелерге үлгі бола білуі керек. Сонда ғана ол нағыз мемлекеттік қызметтің мәнін түсініп, өз қызметін жауапкершілікпен атқаратын болады.

М.НҮРДӘУЛЕТҚЫЗЫ,

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің бас маман-бас қазынашысы.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

ҚОС МЕРЕКЕ –
ҚОС ҚУАНЫШ

«Жылы ұя» мүгедектерді оңалту орталығы Ораза айт пен Наурыз мерекесін атап өтті

Алматыда «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Жылы ұя» мүгедектерді оңалту республикалық орталығының ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өтті.



85 жылдық тарихы бар «Қазақ соқырлар қоғамы» мүгедектігі бар адамдардың, атап айтқанда, көру қабілеті бұзылған жандардың мүддесі үшін қызмет атқаруда. Қоғамның құрамындағы кәсіпорындар, қорлар мен әлеуметтік орталықтар көру қабілеті бұзылған адамдардың қоғамнан тыс қалмай, білім алуына, еңбекке араласуына жан-жақты көмек беріп келеді.

Ораза айт мерекесінің алғашқы күні Наурыз мерекесімен қатар атап өткен қоғам мүшелері арнайы мерекелік дастархан жайып, концерт өткізді.

«Қазақ соқырлар қоғамында» еліміз бойынша 19 мыңға жуық мүше бар. Қазақстанның барлық облысында біздің қоғамның филиалдары жұмыс істейді. Зағип жандарға құқықтық, әлеуметтік көмек көрсетеді. Ал қала бойынша 1500-ге жуық мүше бар. Бүгінгі іс-шара Ораза айт мерекесімен қатар келді. Қоғам мүшелері екі ұлық мерекені атап өтуде», – деді «Қазақ соқырлар қоғамы» орталық басқармасының оңтүстік өңір бойынша өкілі Алтынай Ибрагимова.

ТАҒЫМ



Бұл үйде қоғам қайраткері,
КСРО ІІМ
еңбек сіңірген қызметкері,
ҚР ІІМ құрметті ардагері,
милиция генерал-майоры
Слям Мұхамеджанұлы Исабаев
тұрған.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ЕҢБЕК ПЕН ДАНАЛЫҚ ИЕСІ

Генерал-майор С.Исабаевтың құрметіне ескерткіш-тақта орнатылды

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ІІМ құрметті ардагері, полиция генерал-майоры Слям Исабаевтың құрметіне мемориалдық ескерткіш-тақта қойылды.

Ол ішкі істер органдары жүйесінде еңбек етіп, қатардағы сарапшы-криминалист, тергеушіден бастап, ҚР ІІМ Тергеу басқармасы басшысының орынбасары лауазымына дейін көтерілген. 1985–1990 жылдары Алматы облыстық ІІБ басшысы болған. 1990 жылдың маусым айында бекіту тәртібімен Алматы қаласының КІІБ басшысы болып, одан кейін ҚР ІІМ министрінің орынбасары болып тағайындалған. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 11 медалімен және Құрмет Грамотасымен марапатталған.

– Мен Сляммен 1980 жылдардан таныс болдым. Оның ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қылмыстық істерді атқару, тергеп,

тексеру барысында жұмыстар жүзеге асырылды. Өз еңбегіне адал, әскери тәртіпті мығым ұстанатын жандардың бірі болды. Өмірінің соңына дейін полиция қызметкерлеріне тәжірибесімен бөлісті. Саналы жұмырын елін, жерін қорғауға бар күшін сарп етті. Слям Исабаевтің іскерлігі, талаптылығы жастарға үлгі-өнеге болып қалатынына сенімдімін, – дейді Ішкі істер министрінің кеңесшісі, полиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков.

Іс-шараның өтуіне Алматы қаласының Мәдениет басқармасы мұрындық болды. Мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне полиция қызметкерлері, дос-жарандары, мем-



лекет және қоғам қайраткерлері, шәкірттері қатысты. Ал Слям Исабаевтың қызы келген қонақтар мен Алматы қаласының әкімдігіне алғысын білдірді.

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

ТОҚТЫ (21.03-19.04)

Тоқтылар үшін осы апта – құпиялар ашылатын уақыт. Кейбір құпиялардың ашылуы себебінен айналасындағы біраз адамнан тоқтылардың көңілі қалады. Тоқты жұлдызында туған әйелдердің жұмыс орнында кикілжіңдер туындап, сондарынан сөз еруі мүмкін.

ТОРПАҚ (20.04-20.05)

Торпақтар апта бойы өзімен-өзі жеке қалып, ойын жинақтауға тырысқысы келеді. Кәсіби салада командамен жұмыс істейтін торпақтарға қарағанда жеке жұмыс істейтін тоқтылардың жолы болады. Қаржылық салада қиындықтар болмайды.

ЕГІЗДЕР (21.05-21.06)

Егіздер үшін осы апта өте қызық әрі белсенді болады, ерекше жаңалықтармен есте қалады. Кәсіби салада басшылық егіздердің қабілетін жоғары бағалайды. Қаржылық жағдайы жақсарайды. Күш-қуаты артып, көңіл күйі көтеріледі.

ШАЯН (22.06-22.07)

Шаяндар алдын ала жоспарланған саяхаттарынан, алыс сапарларынан бас тарта тұруына тура келеді. Бұл шаяндардың көңіл күйін түсіруі мүмкін. Есесіне, бос уақытын достарымен кездесуге арнай алады.

АРЫСТАН (23.07-22.08)

Арыстандар үшін осы апта жаңа кездесулер мен таныстықтарға бай болмақ. Кәсіби сала арыстандардан белсенділікті жауапкершілікті, жаңа идеяларды талап етеді. Қаржылық салада ақшаны үнемдеп, кейбір шығындарды қайта қарау артық болмайды.

БИКЕШ (23.08-22.09)

Апта бикештерге романтикалық мол тәжірибе әкеледі. Жағымды романтикалық сезімге бөленген бикештер иллюзия мен қиял әлеміне беріліп кетуі мүмкін. Жалпы, қимылдап жұмыс істеудің пайдасы зор.

ТАРАЗЫ (23.09-23.10)

Аптаның бірінші жартысы таразылар үшін белсенді болады. Өмірге деген қызығушылық артып, көптеген жаңа кездесулер, таныстықтар болады. Кәсіби сала тұрақты болады, жақсы ұсыныстар түсуі мүмкін.

САРЫШАЯН (24.10-22.11)

Сарышаяндар осы аптада қатты күйзеліске түсіп, шаршауы мүмкін. Іскерлік салада сарышаяндар кез келген мәміле немесе келісім жасасу кезінде мұқият болуы керек. Жұқпалы аурулардан, суық тиоден сақтану үшін денсаулыққа күтім керек.

МЕРГЕН (23.11-21.12)

Мергендер кәсіби салаға көп күш жұмсайды, бірақ нәтижесін ұзаққа күтуге тура келеді. Кәсіпкерлік мақсаттарына жету үшін біреумен бірлесіп атқарылған жұмыс жеміс беруі мүмкін. Өмірлік энергияның молдығынан мергендер денсаулық туралы ойлай бермейді.

ТАУЕШКІ (22.12-20.01)

Тауешкілер өткен аптадағы күрделі кезеңнен біраз тыныстап, белсенділігі саябырлай түседі. Оған жұмыс орнын ауыстыруға жаңа ұсыныстар түсуі мүмкін. Осы орайда тауешкінің қаржылық жағдайы да түзеледі.

СУҚҰЙҒЫШ (21.01-18.02)

Суқұйғыш осы аптада барынша өзімен әңгімелесетін серіктес іздейді. Өйткені, ол жалғыз қалуды, оңаша болуды жаны қаламайды. Жаңа таныстар мен достар табуға мүмкіндігі де, уақыты да жеткілікті. Кәсіби салада да суқұйғыш топпен жұмыс істеуге ұмтылады.

БАЛЫҚТАР (19.02-20.03)

Балықтарға осы аптада жұмыс орнында ұйымдастырушылық қабілетін көрсетуге мүмкіндік туады. Жаңа ізденіс, белсенділік қаржылық жағдайды жақсартуға жол ашады.